№ 12 «Қарлығаш» балабақшасының ата-аналармен өткен жиналыстың №1 хаттамасы

Қатысқандар саны: 12
02.09.2024 жыл.

Тақырыбы: Қамқоршылық кеңесі туралы ереже

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесі туралы ережелерімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелерімен таныстыру.

Қамқоршылық кеңес ережелерімен таныстыру балабақша меңгерушісі Касенова А.З берілді: Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-б. 9-т. сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен әзірленді.

№12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) мектепке дейінгі ұйымды (бұдан әрі – МДҰ) алқалы басқару нысандарының біріне жатады.

Қамқоршылық кеңес МДҰ жарғысының және осы Ереженің негізінде заңды тұлға мәртебесісіз жұмыс істейді.

Қамқоршылық кеңес

- тәрбиеленушілердің құқықтарын сақталуына, сондай-ақ МДҰ шотына түскен қайырымдық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылау жүргізеді;
- жарғыға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- МДҰ басты даму бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- МДҰ-ға қайырымдылық көмек түрінде келіп түскен қаржыны бөлуге қатысады және оны мақсатқа сай жұмсау туралы шешім қабылдайды;
- МДҰ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
- білім саласындағы ЖАО Қамқоршылық кеңес МДҰ жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныс жасайды;
- МДҰ қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, мәжілістерге, семинарларға қатысады;
- МДҰ қызметімен, тәрбиеленушілерге жасалған жағдаймен танысады, психологтың көзінше олармен әңгімелеседі.

Құрамы:

Қамқоршылық кеңестің құрамы мынадай:

1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
3) коммерциялық емес ұйымның өкілдері (болған жағдайда);
4) ата-аналар комитеті ұсынған балабақша тәрбиеленушілерінің ата-анасының немесе заңды өкілінің бірі;
5) қамқоршылар (болған жағдайда).

2.2. Жанында Қамқоршылық кеңес құрылған балабақша меңгерушісі оның мәжілістеріне қатысады.

2.3. «Білім туралы» ҚР Заңының 51-б. 1-т. 2) және 3) тарм. көрсетілген тұлғалар

Қамқоршылық кеңестің құрамына кірмейді.

2.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ санды құрайды және бір-бірімен және меңгерушімен жақын туыстық және достық қарым-қатынасы жоқ жеті адамнан кем болмауы тиіс.

2.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құзыреттілігінің мерзімі бір жылды құрайды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша жұмыскерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мемлекеттік орган өкілдерінің саны үш адамнан аспауға тиіс.

Сайлау тәртібі

Қамқоршылық кеңес мәжілісінде ашық дауыс беру арқылы басым дауыспен сайланған (қайта сайланған) төраға қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік орган өкілдері Қамқоршылық кеңес төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін орындамайды.

Төрағаның орынбасары мен оның хатшысы Қамқоршылық кеңеспен сайланады.

Хатшы Қамқоршылық кеңеспен сайланады және Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауапты.

Құзыреттері

Егер мәжіліске Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кем дегенде 2/3 бөлігі қатысса, ол шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңес шешімі оған қатысып отырған мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы басым дауыспен қабылданады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері арасында тапсырмаларды бөлу кеңес отырысында анықталады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін атқаруы ақысыз негізде жүзеге асырылады.

Осы ережеге өзгертулер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысында енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

Бюджеттен тыс қосымша қаражатты тарту нысандары, тәртібі және жұмсау

Балабақшаға қайырымдылық көмек ақысыз негізде ерікті тәртіпте көрсетіледі және осы
Қағидалармен қарастырылған тәртіпте Қамқоршылық кеңестің шешімімен ғана жұмсалады.

Балабақшаға қайырымдылық көмектен келіп түскен кез келген қаражат екінші деңгейлі банктен ашылған шотқа түседі.

Қайырымдылық көмектен түскен қаражат мына мақсаттарға жұмсалады:

1) МДҰ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;

2) МДҰ материалдық-техникалық базасын жетілдіру;

3) спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға кететін шығынды есепке алу.

5.4. МДҰ жыл сайын қоғамға қаржылық жылдың қорытындысы бойынша өзінің интернет-ресурсына, сәйкес саладағы уәкілетті органның интернет-ресурсына, білім саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсына сәйкес есепті жариялау арқылы қайырымдылық көмектен
түскен қаражатты қолдану және оның қозғалысы туралы ақпарат береді.

Іс қағаздарын жүргізу

Қамқоршылық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды.
Хатшының қызметі Қамқоршылық кеңес мүшелерінің біреуіне жүктеледі.
Құжаттама Қамқоршылық кеңес төрағасында 1 жыл бойы сақталады.
Ереженің қолданылу мерзімі: білім беру ұйымының нысаны (немесе түрі) өзгергенге дейін.
Ата-аналарды толық ережемен таныстырып, түсіндіріп өтті.
Әр топтан 1-2 ата-ана осы қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшесі болуға шақырды. Әрине сіздердің келісімдеріңізбен ортаға салып талқылап сайласақ деген оймен шақырып отырмын деп меңгеруші өз сөзін аяқтады.
Ата-аналар мен тәрбиешілермен ақылдаса келе, 6 топтан ата-аналарды ұсынылды және ақпарат өкілінен бір адам қамқоршылық кеңесі құрамына енгізілді.

1. Усембаева Арайлым - «Балбөбек» тобының ата-анасы,
2. Қамқоршылық кеңес орынбасары: Бектас Ләззат - бұқаралық ақпарат өкілі «Qazaqstan» РТК АҚ» журналист.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

3. Тажибаева Мөлдір- «Балауса» тобының ата-анасы;

4. Хамит Аягөз- «Ақбота» тобының ата-анасы;
5. Ильясова Қымбат- «Аружан» тобының ата-анасы;
6. Асылбекова Айгерім- «Үміт» тобының ата-анасы;
7.Бектемирова Найля - «Балапан» тобының ата-анасы.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңес құрамы жоспар бойынша жұмыстарын жүргізілсін.

Жауапты: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Мерзімі: жыл бойы

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Усенбаева А

Хатшы: Бектас Л

№ 12 «Қарлығаш» балабақшасының ата-аналармен өткен жиналыстың №2 хаттамасы

Қатысқандар саны: 9
22.11.2024 жыл

Отырыстың тақырыбы: «Қайырымдылық – қадірлі іс»
Күн тәртібі:

1. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау.
2. «Қайырымдылық – қадірлі іс» акциясы аясында көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға және жетім балаларға көмек көрсету.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Махметова Ж.К және қамқоршылық кеңесінің төрағасы материалдық көмекке мұқтаж тәрбиеленушілерді анықтау жөнінде сөз сөйледі.
Отбасылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, көпбалалы және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға назар аудару қажеттігі айтылды. Балалардың балабақшаға толыққанды қатысуына жағдай жасау және олардың қажеттіліктерін ескеру мәселелері қарастырылды.
Екінші мәселе бойынша «Қайырымдылық – қадірлі іс» акциясын ұйымдастыру және өткізу мәселесі талқыланды. Акцияның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету, балаларға қамқорлық таныту және қоғамда мейірімділік пен қайырымдылық құндылықтарын қалыптастыру.
Акция аясында көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және жетім балаларға қолдау көрсету жолдары қарастырылды. Қайырымдылық көмегін ұйымдастыру, демеушілер тарту, қажетті заттармен қамтамасыз ету және көмек көрсетуде ашықтық пен әділдікті сақтау жөнінде ұсыныстар айтылды.
Қаулы етілді:

1. Материалдық көмекке мұқтаж тәрбиеленушілердің отбасыларын анықтау және олардың әлеуметтік жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілсін.
2. «Қайырымдылық – қадірлі іс» акциясы ұйымдастырылып, көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға және жетім балаларға мүмкіндігінше көмек көрсетілсін.
3. Қайырымдылық акциясына ата-аналар, демеушілер және балабақша ұжымы тартылсын.
4. Көрсетілген көмектің мақсатты әрі әділ бөлінуі қадағалансын.
5. Қамқоршылық кеңесінің қабылдаған шешімдерінің орындалуы бақылауға алынсын.

Отырыс төрағасы: Усенбаева А
Хатшы: Бектас Л

№ 12 «Қарлығаш» балабақшасының ата-аналармен өткен жиналыстың №3 хаттамасы

Қатысқандар саны: 7
15. 01.2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналар үшін балабақша әкімшілігінің Қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.К.Махметова сөз сөйледі.Ол өз сөзінде мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің ата-аналарына балабақшаның тыныс-тіршілігін таныстыру, білім беру мен тәрбие беру үдерісінің ұйымдастырылуын көрсету мақсатында ашық есік күнін өткізудің маңыздылығына тоқталды.

Ашық есік күнін ұйымдастыру барысында ата-аналарға балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстары, күн тәртібі, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілетін іс-шаралар, дамыту орталықтары мен ойын алаңдары таныстырылатыны айтылды.

Сонымен қатар, ата-аналарға педагогтердің жұмыс әдістерін бақылауға, балалардың шығармашылық жұмыстары мен жетістіктерімен танысуға, өздерін толғандырған сұрақтарын қоюға мүмкіндік беру қажеттігі атап өтілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ашық есік күнін балабақша әкімшілігімен бірлесіп ұйымдастыруды қолдап, ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, іс-шараның мазмұнды әрі тиімді өтуіне атсалысу жөнінде ұсыныстар білдірді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Тажибаева Мөлдір ата-аналар мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту үшін осындай ашық іс-шараларды жүйелі түрде өткізу қажеттігін айтты.

Ата-аналар өкілі Усембаева Арайлым ашық есік күні барысында балабақшадағы балалардың күнделікті іс-әрекетімен, оқу қызметімен, тамақтану және демалыс тәртібімен танысу ата-аналар үшін маңызды екенін жеткізді.

Қатысушылар ұсынылған пікірлерді қолдап, ашық есік күнін алдын ала жоспар бойынша ұйымдастыру жөнінде ортақ шешімге келді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақша әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңестің бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру жұмыстары мақұлдансын.
2. Ашық есік күнін өткізу жоспары әзірленіп, іс-шараның күні мен уақыты белгіленсін.
3. Ата-аналарға ашық есік күнінің мақсаты, бағдарламасы және өткізілу

уақыты туралы алдын ала ақпарат берілсін.
4. Ашық есік күні барысында балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстары, балалардың шығармашылық жетістіктері, дамыту орталықтары және күн тәртібі таныстырылсын.
5. Қамқоршылық кеңес мүшелері іс-шараны ұйымдастыруға және ата-аналардың қатысуын қамтамасыз етуге қолдау көрсетсін.
6. Іс-шара қорытындысы бойынша ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері жинақталып, алдағы жұмыстарда ескерілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі мен Қамқоршылық кеңес төрағасына жүктелсін.

Отырыс төрағасы: Усенбаева А
Хатшы: Бектас Л

№12 “Қарлығаш” балабақшасының 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық қорытынды отырысының № 4 хаттамасы

Қатысқандар саны: 9
15. 01.2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының жылдық қорытындысы.
2. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы.
3. Балабақшаның материалдық-техникалық жағдайы мен санитарлық талаптардың сақталуы туралы.
4. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
5. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.

1-***мәселе бойынша тыңдалды:*** **Б**алабақша меңгерушісі Ж.К.Махметова 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Өз сөзінде Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақша әкімшілігі мен ата-аналар арасындағы өзара байланысты нығайту, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасауға ықпал ету, білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық қолдау көрсету екенін атап өтті.
Оқу жылы барысында Қамқоршылық кеңестің отырыстары өткізіліп, балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстары, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі, тамақтану сапасы, материалдық-техникалық жағдайы және ата-аналармен бірлескен жұмыстар қарастырылды.
Сонымен қатар, ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру мәселелеріне назар аударылды.
Қамқоршылық кеңес мүшелері жыл бойы атқарылған жұмыстарды талқылап, балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Әдіскер Әжімұратова Б.Қ оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық қорытындысы туралы баяндады. Оқу жылы барысында педагогтер тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру қызметін ұйымдастырып, балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту бағытында жұмыс жүргізді.
Балабақшада мерекелік ертеңгіліктер, тақырыптық іс-шаралар, шығармашылық көрмелер, спорттық ойындар және тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды.
Балалардың жеке қабілеттерін дамытуға, денсаулығын нығайтуға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарды оң бағалап, педагогтерге өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарғаны үшін алғыс білдірді.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Шаруашылық меңгерушісі Б.Бадашовна балабақшаның материалдық-техникалық жағдайы туралы ақпарат берді.

Балабақша ғимаратындағы топ бөлмелерінің, жатын бөлмелерінің, ойын алаңдарының және балалар пайдаланатын құрал-жабдықтардың жағдайына назар аударылды. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, тазалықты қамтамасыз ету, балалардың қауіпсіздігін қадағалау мәселелері қарастырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша аумағын абаттандыру, ойын алаңдарын күтіп ұстау және тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды ұсынды.

4-мәселе бойынша тыңдалды:

Ата-аналар комитетінің өкілі Бектемирова Н ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы баяндады.

Оқу жылы барысында ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, тәрбиелік іс-шаралар және ата-аналардың қатысуымен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Балабақша әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңестің бірлесіп ашық есік күнін ұйымдастыруы ата-аналарға оқу-тәрбие үдерісімен танысуға және педагогтермен пікір алмасуға мүмкіндік берді.

Ата-аналармен кері байланыс орнату, балалардың тәрбиесіне қатысты ортақ жауапкершілікті арттыру және отбасылық тәрбие мен балабақша тәрбиесінің сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Усенбаева А 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстарын ортаға салды.

Келесі оқу жылында ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жалғастыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал ету, педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту ұсынылды.

Қатысушылар ұсыныстарды талқылап, алдағы оқу жылында да Қамқоршылық кеңестің жұмысын жүйелі түрде жүргізуге келісті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының жылдық қорытындысы назарға алынсын.
2. Балабақша әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңес арасындағы бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.
3. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулығын сақтау және сапалы тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау жұмыстары тұрақты бақылауда ұсталсын.
4. Балабақшаның материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, аумағын абаттандыру және санитарлық талаптарды сақтау бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

5. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, ашық есік күндері және тәрбиелік кездесулер жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
6. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде отырыста айтылған ұсыныстар ескерілсін.
7. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне оқу жылы барысында атқарған жұмыстары мен көрсеткен қолдаулары үшін алғыс білдірілсін.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі мен Қамқоршылық кеңес төрағасына жүктелсін.

Отырыс төрағасы: Усенбаева А
Хатшы: Бектас Л